Әділет

# Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы аумағындағы шақыру учаскесіне еркек жынысты Қазақстан Республикасы азаматтарын тіркеуге алуды жүргізу туралы

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімінің 2009 жылғы 28 желтоқсандағы N 37 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 5 қаңтарда N 13-8-114 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімі аппаратының 2012 жылғы 13 қыркүйектегі N 02-07-03-04/762 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімі аппаратының 2012.09.13 N 02-07-03-04/762 хаты)

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабына, «Әскери міндет және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17, 18-баптарына және « Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес, аудан әкімі **ШЕШТІ:**

1. 1993 жылы туған және бұрын тіркеуге алынбаған жасы үлкен, еркек жынысты Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеуге алу 2010 жылғы қаңтардан наурызға дейін жүргізілсін.

2. Селолық округ әкімдері азаматтардың шақыру учаскесіне уақыттылы келуін қамтамасыз етсін.

3. Азаматтардың медициналық куәландыруын сапалы өткізу үшін С. А. Алмолдин «Қызылжар аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері (келісімімен):

- «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде және басқа да әскери құрылымдардағы әскери дәрігерлік сараптаманың жоспары» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы № 226 қаулысына сәйкес қажетті жабдықтармен қамтамасыз етсін;
- анықталған сырқат әскерге шақырылушыларға медициналық қызмет көрсету және стационарлық тексеріс үшін қажетті төсек-орын бөлуін қамтамасыз

етсін;

4. «Қызылжар аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Л.Е. Шайхлесова «Әскери міндет және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 44-бабының 1-тармағына сәйкес қаржыландыру жоспарына сәйкес шақыру учаскесіне азаматтарды тіркеуге алуды жүргізуді уақытында қаржыландырсын.

5. «Қызылжар ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы Ж.Х. Ақылбекова «Әскери міндет және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 44-бабының 1-тармағына сәйкес:

шақыру учаскесінде азаматтарды тіркеуді өткізу кезінде, учаскеге азаматтарды тіркеуді материалды-техникалық қамтамасыз ету үшін іс қағаздарын жүргізушілер 4 дана, автобус жүргізушісі 1 дана бірлігімен, жинаушы 1 дана жұмысқа алынсын.

6. Осы мақсаттар үшін Қызылжар ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бөлген автобусты ауданның елді мекендерінен азаматтарды жеткізу үшін пайдалансын.

7. Тіркеуге алу комиссиясы Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің ғимаратында өткізілсін.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә. Ы. Байсыновқа жүктелсін.

9. Осы қаулы ресми жарияланғаннан он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қызылжар ауданының әкімі* *Қ. Пшенбаев*

*КЕЛІСІЛГЕН:*

*Қызылжар аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері*

*«Қызылжар ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлім» Мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*С.А. Алмолдин* *Қ.Ө. Мұсаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК